

Бұрынғы Семей сынақ полигонының аумағындағы жер учаскелерін ауыстыру және беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 қарашадағы № 1243 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 105, 138, 143-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысының бұрынғы Семей сынақ полигоны аумағындағы босалқы жер санатынан жалпы алаңы 1,139 гектар жер учаскелері өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және де өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер с а н а т ы н а а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесі осы қаулының қосымшасына сәйкес «Дегелең» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - серіктестік) «Дегелең» кен орнында гранит өндіру үшін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығында берілісін .

3. Серіктестік қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауыл шаруашылығы алқаптарын ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 4

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 2 4 3

қ а у л ы с ы н а

қосымша

«Дегелең» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне уақытша өтеулі жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

Р / с №	Жер учаскесінің жалпы алаңы, оның ішінде жайылым, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқық беру мерзімі
1.	0,28	«Дегелең» кен орнында гранит өндіру үшін	2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін
2.	0,339	«Дегелең» кен орнында гранит өндіру үшін	2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін

3.	0,52	«Дегелең» кен орнында гранит өндіру үшін	2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін
	1,139		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК